

Түркістан облысы
Келес ауданы


№9 «Көлтоған» жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Бекітемін:

Мектеп директоры:

К Турсынбекова.

Келісемін:

Дтіжо:  К.Джорабеков.

Ашық тәрбие сағаты.

«Тіл мерейі ел мерейі»

8б-сынып

жетекшісі:

Қ Моминова.

2021-2022 оқу жылы.

Тәрбие сағатының тақырыбы: «Тіл мерейі, ел мерейі»
Мақсаты: Жас ұрпақты ана тілінің қадір - қасиетін түсіне білуге шақыру. Олардың халқына деген, тіліне деген махаббатын арттыру.
Көрнекілігі: «ана тілін білмейтін адам мәдениетті адам санатына қосылмайды.» М. Әуезов.

I жүргізуші: Қайырлы күн ұстаздар мен қонақтар. Сіздерге арнап «Ана тілім – ардағым» атты тәрбие сағатымызды ашуға рұқсат етіңіздер.

II жүргізуші: Құрметті ұстаздар, оқушылар! Қазақстан Республикасының Конституциясында «**Мемлекеттік тіл – Қазақстан халықтарын біріктіретін тіл**» деп жарияланған. Тіл мерекесіне орай бүгінгі «**Ана тілім – ардағым**» атты кешімізге қош келіпсіздер.

Тіл –
ұлттық белгі, халықтық мұра, дүниетаным құралы. Халықтың тарихта қалуы тіліне байланысты.

Тіл халықтың жаны, сәні, тұтастай
кескін келбеті, болмысы. Қазақ тілі дүние жүзіндегі ең бай, беделді тіл.

Өткірдің жүзі,

Кестенің бізі,

Өрнегін сендей сала алмас,- деп
ұлы Абай атамыз таңырқап, тағзым еткен осы қасиетті тіліміз.

1 оқушы:

Күш кеміді, айбынды ту құлады,

Кеше батыр – бүгін қорқақ, бұғады.

Ерлікке ұмтылған ұшқыр жаны кісенде,

Қан суынған, жүрек солғын соғады.

Қыран құстың қос канаты қыркылды,

Күндей күшті, күркіреген ел тынды.

Асқар Алтай – алың ана есте жоқ,

Батыр, хандар – асқан жандар ұмтылды.

Ерлік, елдк, бірлік, қайрат, бақ, ардың,

Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың.

Алтын күннен бағасыз бір белгі боп,

Нұры жұлдыз, бабам тілі сен қалдың.



2 оқушы:

Ана тілі – біздің туған анамыз,
Анамыздай сыйлап, бағып қағамыз.
Ана тілін бағаласак қалай біз,
Өзіміздің сондай болмақ бағамыз.
Ана тілін кім аялай білмесе,
Анасынан безінген ұл деп қараңыз.

3 оқушы:

Ана тілі бар білімнің қайнары,
Аталардың өсиеті пайдалы.
Алақаны мейірімді ананың,
Ұстазыңның жаққын жүзі – жайдары.
Ана тілім – тайтамайтын әліппем,
Болғаным жоқ әріптерін танып мен.
Өз тілімді жақсы көру арқылы,
Достасамын басқа барлық халықпен.

I жүргізуші: Халық өзінің тілін ең ардақтысы деп санайды, оны ерекше сүйеді. Қырғыз ақыны Сарноғайовтың айтқанындай, «**ана тілін сүймеген адам, халқын сүйіп те жарытпайды**».

II жүргізуші:

Қалқам,
Мен Лермонтов, Пушкин де емеспін,
Есенинмін демедім ешкімге мен
Қазақтың кара өлеңі құдіретім,
Онда бір сұмдық сыр бар естілмеген.
Жат жерде жатқанымда жазатайым,
Қанымен жазды мүмкін ағатайым.
Қасиетіңнен кара өлең айналайын,
Қазақтың дәл өзіндей қарапайым,- дей отырып, алдарыңызда

Ән: «Ананың үні» (хормен)

I жүргізуші: Қазақстан Республикасы Тіл туралы алғашқы заңы 1989 жылы 22 -

қыркүйекте қабылданды. Біздіңелімізде тұратын барлық ұлт өкілдері қазақ тілін оқып үйренуде.

II жүргізуші: Қазақ тілі түркі тектес тілдерге жатады. Соның ішінде қыпшақ тобындағы тілге жатады.

1. оқушы:

Туған тілде сыры терең жаным бар,

Туған тілде мың-мың ыстық қаным бар.

Туған тілде әнім менен сәнім бар,

Туған тілім – жүрек үнім наныңдар.

Нанбасандар,

Жүрегімді суырып-ақ алыңдар.

1. оқушы:

Сүйемін туған тілді – анам тілін,

Бесікте жатқанымда-ақ берген білім.

Шыр етіп жерге түскен минутымнан,

Құлағыма сіңірген таныс үнім

Сол тілімнен үйрендім нәрсе аттарын,

Сол тіліммен әдепті мен жаттадым.

Ең бірінші сол тілімнен сыртқа шықты,

Сүйгенім, жек көргенім, ұнатқаным.



Түркістан облысы, «Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі №9 «Көлтоған» жалпы орта
білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Ашық тәрбие сағаты

Тақырыбы : «Жыр алыбы -Жамбыл»

Сынып : 2 «Ә»

Мұғалім : Тажиханова З

Кітапханашы: Мусабаева А

2021 -оқу жылы

«Жыр алыбы-Жамбыл».

Жүзге кеп бақыт тапқан акын Жамбыл,
Дүниеге түгел кеткен атың Жамбыл.
Тілекке көл аңсаған бүгін жеттің,
Далада жасасан да ғасыр Жамбыл.
Халыққа үшін төрге төсеп төсек етер,
Ағарған сакалы мен шашы Жамбыл.
Көтерген көкке төбе тірелгенше,
Иеді көпшілікке басың Жамбыл.
Қайырлы күн, құрметті көрермендер!
Армысындар, ардақты ұстаздар мен оқушылар!
Заманына «XX ғасырдың Гомері», жыр дүлдiлi, ғасыр акыны, Жыр алыбы- Жамбыл
Жабаевтың 170 жылдығына арналған тәрбие кешіне хош келдіңіздер! Бүгінгі біздің тәрбие
сағатымызда қара өлеңнің алыбы, даланың дархан данасы Жамбыл ата өзінің үміт күткен
ұрпақтарын сіз туралы ой толғап сыр шертеді.
Қазақтың қара өлеңін кие түтқан, жүрегінің түбінен қайнап шыққан асыл жырларымен
қалың жұртшылықтың махаббатына бөленген Жамбыл Жабаев 170 жасқа толып отыр.
Осы мерейтойға арналған би шапу.
Халық поэзиясының алыбы атанған Жамбылдың есімі дүние жүзі халықтарына кеңінен
мәлім. Жамбыл медресе- мектептің есігін ашып, қолына қалам ұстап, жазу- сызуды
білмесе, де жастайынан домбыра тартып, жыр жағтады, қазақ халқының сөз өнерін
үйренді, кейін акындығымен елге әйгілі жыршы атанды.
Ол «Көрұғлы», «Мұңлық- Зарлық», «Шаһнама», «Қыз Жібек» сияқты үлкен дастандарды
бірнеше апта бойы жырлаған.
Жамбыл екі заман тұсында өмір сүрді. Екі дәуірдің куәсі болған акын өз көзімен көрген
өмірдің бар шындығын жырлады.
Жамбыл Жабаев қазіргі Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы, Жамбыл тауының етегінде
1846 жылы 28 ақпанда көшпелі кедей отбасында туған. Жастайынан өлеңді қолма- қол
жанынан шығарып айтатын болған. Қаршадай баланың өнеріне сүйінген атақты Сүйінбай
акын оған ақ батасын берген.
Екі ғасырдың куәсі, жыршы- жырау, халық акыны, ірі айтыскер акын, «Халық
поэзиясының алыбы», «Жамбыл – менің жай атым, халық- менің шын атым» деген ұлы
тұлға. Қазақтың ұлы акыны Жамбыл жүз жасаған акын.
Шын жүректен шыққан сөз. Акын жазушылардың Жамбылға берген бағасы.

Оқушылар оқып береді

Мұхтар Әуезов Жамбыл – ақыл ойдың алғыры, өзгеге ұқсамайтын дара, оқшау бет –
бейнесі аса зор құбылыс. Оның бір өзі әрі эпик акын, әрі айтыс акыны, әрі азаматтық
әуеннің де акыны деген.

Жамбыл жырлары теңіз түбінде шапшылып жатқан маржан сықылды. Оны жинап алып,
халқының қолына беру- біздің әрқайсымыздың азаматтық борышымыз, деген екен **С.
Сейфуллин**.

Ілияс Жансүгіров өз кезегінде Жамбыл жырлары Бұғымүйіз, Бесмойнақ жайлауларының
гүліндей алуан түрлі. Хош иісі күншілік жерден аңқып тұрады. Акын жырын тыңдаған
сайын, көк жайлауға әсер аласың деген.

Сәбит Мұқанов Жамбыл- жүз жасаған адам, соның 85 жылы акындықпен өтті. Ол
әлеуметтік және жеке өміріндегі сөзінің көбін өлеңмен сөйлеген кісі деген. Жамбыл

ардақты ұлы Алғадайдан айырылса да, қажымай Алғадайдың баласына бесік жырын арнайды.

Асан мен Үсен А.Құнанбаев «Көзімнің қарасы» әні

Жамбыл-айтыстың асқан шебері. Ақын айтыста да, жыраулық өнерде де биік дәрежеге көтеріледі. Ақынның оннан астам айтыстары сақталған. Әсіресе оның Құлманбетпен, Айкүміспен, Шашубаймен айтысы көпке жақсы мәлім.

1941-1945 жылдар біздің Отанымыз үшін ең ауыр жылдар болды. Гитлер бастаған неміс басқыншылары соғыс жарияламай жерімізге енді. Нева жағасындағы Ленинград қаласы 900 күн қоршауда қалды. Халқымыз үшін бұл күндер – зұлмат күндер болды. Осы қайғылы жағдайға байланысты Жамбыл өзінің "Ленинградтық өренім" атты өлеңін арнады.

Кезекті оқушылар такпағына береміз.

Оқушылар такпақтар айтады

Жамбыл ауыр қайғыдан кейін басын көтеріп, өз жолдастарының қатарына қосылғанмен де онала алмайды. Өнер адамдарымен де кездеседі. Өз домбырасын Нұрғиса Тілендиевке бере тұрып: «Мына, қасиетті қара домбыраның киесі сенде болсын. Осыны көзіңнің қарашығындай сақтап, қазақтың қара домбырасын бар әлемге асқақтата паш ет» деп, батасын береді.

Нұрғиса Тілендиев Жамбыл аманатын ұрпақтар сабақтастығы ретінде қазақтың қара домбырасын айдай әлемге паш етіп, Жамбыл атамyz сияқты артына өшпес мол мұра қалдырып кетті.

Женіс жырын естіп, ауыр қайғыдан кейін Жамбыл атамyz 1945 жылы 22 маусымда 7 сағат 55 минутта дүниеден өтті. Жамбыл атамyz өлсе де, аты өлген жоқ, хаты өлген жоқ. Жамбыл өлеңдері, жырлары әрқайсымыздың жүрегімізде соғып тұр.

Жамбыл – өмірімен де, шығармашылығымен де екі ғасырды молынан тұтастырып жатқан ұлы жырау. 13 - 14 жасынан бастап сөзінің көбін өлеңмен айтқан ақынның XIX ғасыр шегінде шығарған өлең - жырлары мен айтыстары да өте мол болған. Олардан дәуір шындығы, Жамбылдың ақындық мұраты мен зор таланты айқын танылады.

Ерлікті, елдікті дәріптеген, халықтың жоғын жоқтап, әлсіздерді күштілердің зорлығынан арашалаған, әділдікті, бостандықты жыр еткен көркем де қуатты поэзиясымен Жамбыл сынды тұлғаларымыз өз ғасырында қазақ әдебиетінде көрнекті орын алады. Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев Жамбыл бабамыздың туып - өскен жері Ұзынағашта өткізілген 150 жылдық мерейтойына арнайы қатысып, жамбыл рухына бас иді.

Осымен «Жыр алыбы-Жамбыл» атты тәрбие сағатымыз аяқталды. Назар салып тыңдағандарыңызға Рахмет!!!



